

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі N 3445
Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3988. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.03.06. N 349 жарлығымен. ~U000349

Экономиканың басым секторларында инвесторлармен контракт жасасу кезінде жеңілдіктер мен преференциялар беру рәсімін жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. "Инвесторлармен контракт жасасу кезіндегі жеңілдіктер мен преференциялар жүйесі және оларды берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі N 3445 U973445_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997ж., N 14, 102-кұжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Инвесторлармен контракт жасасу кезіндегі жеңілдіктер мен преференциялар жүйесі және оларды берудің тәртібі туралы ережеге:

1) I бөлімде:

атауы "мақсаты" деген сөзден кейін "және шарттары" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Жеңілдіктер мен преференциялар беру инвестициялық жоба өтінімін және контракт жобасын кешенді сараптамадан өткізу нәтижелері бойынша "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңына және осы Ережеге сәйкес мөлшерде, тәртіп пен мерзімге Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің контрактілер жасасуы жолымен жүзеге асырылады.

Тікелей инвестициялардың көлемі Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілеген шекті мөлшерден аспайтын контракт жасалған жағдайда жеңілдіктер (кеден жеңілдіктерінен басқа) мен преференциялар Комитет белгілеген стандарттарға сәйкес беріледі";

2) II бөлімде:

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Тікелей инвестициялардың көлемі Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілеген шекті мөлшерден асатын контрактілер жасалған кезде жеңілдіктер мен преференциялар беру үшін негізгі өлшемдер мыналар болып табылады:";

4-тармақшаның екінші абзацындағы "проценттік ставкалар" деген сөздер "сыйақы "мүдде" ставкалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Комитет белгілеген стандарттарға сәйкес жеңілдіктер мен преференциялар берілетін инвестициялық жобалар үшін жеңілдіктер мен преференциялар берудің өлшемдері мыналар болып табылады:

жобаның экономикалық басым секторларына тиесілілігі;
тікелей инвестициялардың жалпы көлемі.

2-2. Осы Ереженің 2-тармағында белгіленген өлшемдерді айқындаудың тәртібін Комитет реттейді";

3) IV бөлім мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Комитет белгілеген стандарттарға сәйкес жеңілдіктер мен преференциялар берілген кезде осы Ереженің 4, 5 және 6-тармақтары қолданылмайды";

4) V бөлім мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Комитет белгілеген стандарттарға сәйкес жеңілдіктер мен преференциялар берілген кезде осы Ереженің 7, 8 және 9-тармақтары қолданылмайды";

5) VI бөлімнің 10, 11-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Инвестор жобаны жүзеге асыру үшін қажет сырттан әкелінетін тауарларға кеден бажын төлеуден босатылады. Мұндай босату инвесторға сырттан әкелінетін тауардың белгілі бір көлеміне және Комитетпен жасалған контрактіде белгіленген мерзімге беріледі.

11. Комитет белгілеген стандарттарға сәйкес жеңілдіктер мен преференциялар берілген кезде осы Ереженің 10-тармағы қолданылмайды".

2. Осы Жарлық ол күшіне енгеннен кейін жеңілдіктер мен

преференциялар беру жөнінде туындаған қарым-қатынастарға қолданылады. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті инвесторларға осы Жарлық күшіне енгенге дейін берген жеңілдіктер мен преференциялар жасалған контрактілердің шарттарына сәйкес өз күшін сақтайды.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК